

Мэрлердің уағдаластығы — Еуропалық Одақ жасаған маңызды бастама. Ол жергілікті және аймақтық билік органдарын жасыл экономикалық өсу және өмір сапасын одан әрі жақсарту жалпы ерікті мақсатында біріктіреді.

Уағдаластығыққа қол қоюшылар 2020 жылға қарай көмірқышқыл газының шығарындыларының кемінде 20% төмендеуіне әкелетін қуатты үнемдеу және қайта жаңартылатын қуатқа қатысты әрекеттерді жүзеге асыруға келіседі.

### МЭРЛЕРДІҢ УАҒДАЛАСТЫҒЫ ШЫҒЫС «Шығыс серіктестіктің және Орталық Азия қалаларының мэрлердің уағдаластығына қатысуын қолдау»

#### Негізгі фактілер

<b>Жалпы мақсаттар:</b>	Жобаның мақсаты — Шығыс Еуропадағы, Кавказдағы және Орталық Азиядағы жергілікті билік органдарын қазба отындарына тәуелдігін азайтуда, қуатпен қамту қауіпсіздігін жақсартуда қолдау және оларға климат өзгеруін азайтуға белсендірек үлес қосуға мүмкіндік беру.
<b>Нақты мақсаттар:</b>	Жобаның мақсаты — осы жергілікті билік органдарын мэрлердің уағдаластығына қол қоюға ынталандыру және олардың тұрақты энергетикалық даму жөніндегі іс жоспарын (ТЭДІЖ) жүзеге асыруын қолдау. Негізгі мақсат- қайта жаңартылатын қуатты пайдаланудың артуының және қуатты үнемдеу шараларының арқасында муниципалитеттерінің көмірқышқыл газ шығарындыларын айтарлықтай азайту арқылы өмір сапасын жақсартуға баса көңіл бөледі.
<b>Бенефициар елдер:</b>	Армения, Әзербайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түркменстан, Украина және Өзбекстан
<b>Негізгі мақсатты топтар:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жергілікті билік органдары (бар және ықтимал қол қоюшылар ретінде)</li> <li>• Ұлттық / субұлттық билік органдары (ықтимал уағдаластық координаторлары ретінде)</li> <li>• Жергілікті билік органдарының желілері (бар немесе ықтимал уағдаластық қолдаушылары ретінде)</li> <li>• Донорлар мен қаржылық акторлар</li> <li>• Басқа мүдделі акторлар (үкіметтік емес ұйымдар, қуат агенттіктері, жеке сектор, академиктер, т.б.)</li> <li>• Азаматтар</li> </ul>
<b>Келісім жасасатын билік органы:</b>	Еуропалық комиссияның Жалпы даму және кооперация Бас директораты – EuropeAid
<b>Мердігер және консорциум жетекшісі:</b>	Energy Cities (Қуат қалалары) – қуат болашағын ойлап табатын жергілікті билік органдарының еуропалық ассоциациясы <a href="http://www.energy-cities.eu">www.energy-cities.eu</a>
<b>Консорциум мүшелері:</b>	«Климат альянсы» жергілікті билік органдарының еуропалық ассоциациясы <a href="http://www.climatealliance.org">www.climatealliance.org</a>



«Украинаның қуатты үнемдейтін қалалары» ассоциациясы  
[www.enefcities.org.ua/en](http://www.enefcities.org.ua/en)  
Орталық Азия үшін аймақтық қоршаған орта орталығы (CAREC)  
[www.carecnet.org](http://www.carecnet.org)

**Ұзақтығы:** Қыркүйек 2011– маусым 2015

### Мэрлердің уағдаластығы (Шығыс) қысқаша сипаттамасы

Жоба ішіндегі іс-әрекеттері төрт негізгі миссияны орындауға бағытталған:

1. **Жарнама** – мэрлердің уағдаластығын қол қоюшылардың және уағдаластық делдалдарының айтарлықтай санын қосып, барлық бенефициар елдерде танымал бастама ету;
2. **Оқыту және әлеуетті жоғарлату бойынша тренингтер** – жергілікті билікке өздеріне жүктеген міндеттемелерін орындауға және Уағдаластық үйлестірушілер мен жақтаушыларына мақсатты топтарға жоғары сапалы қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін тәжірибелік істер;
3. **Қолдау қызметі** – уағдаластығыққа қосылуға немесе оны қолдауға мүдделі барлық тараптарға (қалалар, аймақтық үкіметтер, ассоциациялар, т.б.) ақпарат беру, қол қоюшыларға SEAP бағдарламаларын дайындау мен жүзеге асыруда күнделікті көмектесу және аумақтық координаторлармен бірге тиімді бірлесіп жұмыс істеу схемаларын қолдау;
4. **Донорлармен байланыс** – қол қоюшылардың міндеттерін жүзеге асыруын, әсіресе, SEAP инвестицияларын қаржыландыру тұрғысынан, қолдау үшін бүкіл сектордағы үлес қосушылардың коалициясы. Бенефициарлар, жергілікті және аймақтық мекемелер, донор өкілдер және тиісті ЕО делегациялары және басқа мүдделі тараптар қатысатын матчтарды ұйымдастыру іс-әрекеттері. Қабылдауға жарайтын жобаларды анықтау үшін нұсқауларды қамтамасыз ету.

Мэр уағдаластығының кеңсесі– Шығыс және оның өзекті төрт сарапшысы (Киевте, Ереванда, Тбилисиде және Алматыда жұмыс істейтін) Брюссельдегі мэрлердің уағдаластығы кеңсесімен және Еуропалық Одақтың даму және ынтымақтастық бойынша Бас Директораттың бақылауындағы Біріккен зерттеу орталығымен тығыз үйлестіруде жұмыс жасайды.

### Күтілетін нәтижелер

Келісімнің соңында біз мыналарды күтеміз:

- Мэрлердің уағдаластығы — аймақтағы танымал, жоғары профильді бастама; айтарлықтай қол қоюшылар саны бар, қоғамға климаттың өзгеруіне қатысты және залалсыз қуат шешімдері туралы жақсырақ түсінік береді
- Қол қоюшылар өз міндеттерін түсінеді және оларды жүзеге асыра алады, қажет потенциалды құру – және өздерінің залалсыз қуат жөніндегі іс жоспарларында және шығындылар қоймаларында көрсетілгендей тұрақты энергетикалық даму және Кадастр стратегияларын жүзеге асыру
- Муниципалитеттердегі жақсартылған қуат және тұрақты энергетикалық даму жөніндегі іс жоспарлары жергілікті қаржылық құралдар, халықаралық қаржылық мекемелер сияқты қаржыландыру көздеріне және Көршілес елдерге инвестиция құю мекемесі (NIF) және Орталық Азия инвестициялық мекемесі (IFCA) сияқты басқа халықаралық құралдарға қол жеткізуді жеңілдетеді
- Донорларды жұмылдыру және инвестицияларды тарту арқылы олардың SEAP бағдарламалары қабылдауға жарайды және жеткілікті қаржылық қолдауды табады
- Уағдаластыққа қол қоюшылары жүзеге асыратын іс-әрекеттер туралы статистикалық деректер жиналады және жарияланады (қол қоюшы қалалар қамтитын азаматтар саны, көмірқышқыл газы шығарындыларының төмендеу көлемі, қуатты тұтыну/өндіру, ТЭДІЖ бағдарламасының негізгі деректері, т.б.)
- Мэрлердің уағдаластығын қолдайтын акторлар мен мекемелер — шараларды

Бұл жарияланымның мазмұнына жалғыз жауапты ұйым — СОМО ШЫҒЫС. Ол міндетті түрде Еуропалық Бірлестіктің пікірін білдірмейді. Еуропалық Комиссия мұнда қамтылған ақпаратты кез келген пайдалану үшін жауапты емес.

жүзеге асырудағы маңызды серіктестер

- Азаматтардың әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатының артуының жақсару үрдісі (жұмыс орындарын жасау, бизнесті дамыту және инновация, қоғамдық қызметтердің және инфрақұрылымдардың жақсаруы, денсаулыққа пайдалырақ қоршаған орта, әлеуметтік тұрғын үй, таза қуатқа қол жеткізу, т.б. арқасында өмірдің сапасына байланысты)
- Қуат қызметтерінің қол жетімді болу үрдісі және оған қол жеткізу артады (отын кедейлігі төмендейді)